

Ересек тобының 2022-2023 оқу жылына музыка жетекшісінің ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Балалардың жасы :4 жастан бастап

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету) : 2022-2023 оқу жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Музыка	-Музыка тыңдау мәдениетін сақтау (музыкалық шығармаларды алаңдамай соңына дейін тыңдау); -Ән айтуда мәнерлеп айтуға үйрету, әнді созып (ре-си бірінші октава шегінде), әуенімен келтіріп айту; -Би қимылдарын , ойындағы музыкалық қимылдарды орындауға қызығушылық тудыру; -Таныс әндерді орындауда балаларға арналған түрлі шулы музыкалық аспаптарды қолдану.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қазан	Музыка	- Музыка тыңдауда музыканың сипатын сезінуге үйрету, таныс музыкалық шығармаларды білу; -Ән айтуда қимылдармен үйлестіріп орындауға үйрету; -Марш сипатын ырғақты жүріспен беру, ырғақты сезіну; -Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен қарапайым әуендерді ойнау.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қараша	Музыка	-Музыка тыңдау кезінде тыңдалған музыкадан алған әсерлері туралы әңгімелеуге дағдыландыру; -Ән айтуда қысқа музыкалық фразалар арасында тыныс алуды дамыту; -Музыканың қимылдық сипатына қарай жеңіл, ырғақты жүгіру, музыканың ырғағын нақты бере отырып, қос аяқпен еркін және жеңіл секіру, қимылдарды музыкамен сәйкестендіре отырып жүрелеп отыру, музыканың екінші бөлігінде қимылдарды өзгерту; -Ағаш қасықтармен, сылдырмақтармен қарапайым таныс әуендерді ойнау.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері

Желтоқсан	Музыка	-Музыка тыңдауда музыкалық шығараманың мәнерлі құралдарын байқауға (ақырын, қатты, баяу, жылдам) үйрету; -Ән айтуда әуенді таза және сөздерді анық айтуға, музыканың сипатын жеткізе білуге үйрету; -Музыканың ырғағына сәйкес әртүрлі қарқынмен секіру, музыканың көңілді, ойнақы сипатын қабылдау, мазмұны бойынша таныс әндерді сахналауға баулу; -Барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау, ырғақтар соғу.
-----------	--------	---

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қаңтар	Музыка	-Музыканы тыңдай отырып жоғарғы дыбыстарды (секста, септима шгінде) ажырата білу; -Аспаптың сүйемелдеуімен және сүйемелдеуінсіз ән айтуға баулу (тәрбиешінің көмегімен); -Би билеуде музыканың кіріспесін ажырату, кіріспеден кейін қимылдарды бастау, музыканың сипатына сәйкес қимылдарды ауыстыру, би қимылдарын есте сақтау; -Барабан және металлофонмен қарапайым әуендерді ойнау, ырғақтар соғу.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Ақпан	Музыка	-Музыканы тыңдап, әндерді иллюстрацияларды көрсетумен және қимылдармен сүйемелдеу; -Ән айтуда топпен бірге бастап бірге аяқтауға дағдылану; -Билеуде жеңіл ырғақпен қозғалу, жұппен би қимылдарын орындау, билерде ойындағы музыкалық қимылдарды қолдану; -Домбыра, сазсырнай, асатаяқ аспаптарында қарапайым әуендерді ойнау.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Наурыз	Музыка	-Музыка тыңдауда ұлттық домбыра аспабының үнін қабылдау, домбырада орындалған әндер мен күйлерді тыңдау; -Әнді мәнерлеп орындауды, қимылмен үйлестіріп орындауды одан әрі жетілдіру; -Қазақтың ұлттық би өнерімен таныстыру, «Қамажай» биін үйрету; -Домбыра, сазсырнай, асатаяқ аспаптарында қарапайым әуендерді ойнау.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
-----	---------------------------	---

Сәуір	Музыка	<ul style="list-style-type: none"> -музыка тыңдай отырып, таныс шығармаларды ажырату, алған әсерлерін әңгімелеп айту; -Ән айтуда дауысты айқайламай, еркін шығаруға дағдылану, бір-бірін тыңдап орындау; - Музыканың сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау, шеңбер бойымен ән айтып жүріп қимылдарды өзгерту; -Балалар музыкалық аспаптарын тану, атау, есте сақтау.
-------	--------	---

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Мамыр	Музыка	<ul style="list-style-type: none"> -Музыка тыңдауды қимыл көрсету арқылы сүйемелдей отырып, музыкалық бейне мен қимыл тәжірибесінің арақатынасын анықтау; -Әнді өз нақышында, мәнерлі, ырғақты қимылмен орындау дағдыларын бекіту; -Билеуде шапшаңдық пен ептілік таныту, музыканың көңілді, ойнақы сипатын бере білу, атрибуттармен би қимылдарын орындау; -Балалар музыкалық аспаптарын тану, атау, есте сақтау.